

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 шілдедегі N 1125 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 878 P970878_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

аталған қаулының 1-қосымшасына:
реттік нөмірі 28 жол мынадай редакцияда жазылсын:
"28. Қазақстан Республикасы туристік
Білім және мәдениет қызмет"
министрлігінің Туризм
және спорт департаменті

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары*